

Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша тіркелген жиынтық салықтың ставкаларын және біржолғы талондардың құнын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 60/3 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 23 қаңтарда N 102 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы N 74/15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2009.06.04 N 74/15 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209-ІІ Кодексінің 373 және 394 баптарына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы "Біржолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы" N 1469 бұйрығына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қызметі ара-тұра сипаттағы жеке тұлғалар, сондай-ақ қала базарларында тауарларды сату, қызмет, жұмыс көрсету үшін біржолғы талондардың құны осы шешімнің N 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша тіркелген жиынтық салықтың ставкаларын N 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Павлодар қалалық мәслихатының 2005 жылғы 18 наурыздағы "Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша белгіленген жиынтықты салықтың мөлшерлемесін және бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы" N 23/13 шешімінің күші жойылды деп танылсын (2005 жылғы 7 сәуірдегі МТН 2984).

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар қалалық мәслихатының тексеру комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күтізбелік он күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Павлодар қалалық мәслихатының
2007 жылғы 21 желтоқсандағы
"Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері
бойынша тіркелген жиынтық салықтың
ставкаларын және біржолғы

талондардың құнын бекіту туралы"

№ 60/3 шешіміне

Қызметі ара тұра сипаттағы жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

N р/с	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	1 күнге біржолғы талондардың құны (теңге)
1	Газеттер мен журналдар сату.	10
2	Тұқымдар (көшеттер) сату.	80
3	Бақша дақылдарын сату.	180
4	Саяжай және аула учаскілерінде өсірілген тірі гүлдерді сату.	50
5	Ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық, және саяжай учаскілерінің өнімдерін сату.	50
6	Жануарлар мен құстардың жемдерін сату.	150
7	Сыпырғыш, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақ және балықтарды сату.	120
8	Жер учаскілерін өндеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызметі;	210
9	Жолаушыларды тасымалдау бойынша жеке автомобильдер: жеңіл автомобильдер иелерінің қызметі (лицензияланған тасымалдаудан басқа)	140

Павлодар қалалық мәслихатының

2007 жылғы 21 желтоқсандағы

"Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша тіркелген жиынтық салықтың ставкаларын және біржолғы талондардың құнын бекіту туралы"

№ 60 / 3 ш е ш і м і н е

№ 2 қосымша

Павлодар қаласының аумағында орналасқан базарларда тауарларды сату, қызмет, жұмыс көрсету бойынша бір сауда орынынан жеке және заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

№р/с	Базарларды мамандандыру	Біржолғы талондардың мөлшері (теңге)		
		Жабық	Аралас	Шағын-базар
		I-санат	II-санат	III-санат
1	Азық-түлік, азық-түлік емес, әмбебап			
а)	Машинадан сауда жасау;	420	400	300
б)	Сөреден сауда жасау;	250		170

			230	
в)	Дүңгіршіктен сауда жасау;	310	290	210
г)	Контейнерден сауда жасау;	310	290	210
д)	қолдан сауда жасау;	200	200	140
е)	Ет бөлу;	100	70	30
ж)	Сауда орындарына жүктерді тысалдау бойынша қызмет көрсету (жүк тиеуші);	60	50	10
з)	Кофе, шай, шекілдеуіктерді сату;	60	50	10
к)	Сауда орындарында дайын тағамдарды сату;	110	100	30
л)	Бұрынғы қолданыстағы тауарларды сату;	110	100	30
м)	Колдан дайындалған тауарларды сату;	110	100	30
н)	Орында дайындалатын өнімдерді сату (кәуап және басқалар);	250	230	170
2	Мамандандырылған (автокөлік, мал және басқалары)			
а)	Автомобильдердің бірліктерін сату;	180	150	120
б)	қосалқы бөлшектерді, майларды, сұйық заттарды, техникалық құралдарды сату;	310	290	210
в)	үй жануарларын, құстарды, аңдарды және басқаларды сату	50	50	50

Павлодар қалалық мәслихатының

2007 жылғы 21 желтоқсандағы
"Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері
бойынша тіркелген жиынтық салықтың
ставкаларын және біржолғы салықтың
талондардың құнын бекіту туралы"
№ 60 / 3 шешіміне
№ 3 қосымша

Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлері бойынша
тіркелген жиынтық салықтың ставкалары

N р/с	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Салық салу объектісі	Бір айғы тіркелген жиынтық салықтың ставкалары (АЕК)	Бір жылғы тіркелген жиынтық салықтың ставкалары (АЕК)
1	Ойынды бір ойыншымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету	1 автомат	4	48
2	Ойынды бірнеше ойыншының қатысуымен өткізуге арналған, ақшалы ұтыссыз ойын автоматтары бойынша қызмет көрсету	1 автомат	6	72

3	Ойын өткізу үшін қолданылатын, жеке компьютерлер бойынша қызмет көрсету	1 компьютер	2	24
4	Боулинг бойынша қызмет көрсету	1 жол	20	240
5	Бильярд бойынша қызмет көрсету	1 үстел	10	120

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК